



Бауыржан ЕСІМСЕЙТОВ,

ҚР Бас прокуратурасы жанындағы Құқық қорғау органдары академиясы Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру және кәсіби деңгейді арттыру институтының әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасының доценті, кіші әділет кеңесшісі, филология ғылымдарының кандидаты, доцент

ҰЛТТЫҚ ӘЛІПБИ ЖАСАУДА ӘР ПІКІР МАҢЫЗДЫ

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында айқындалған ел жаңғыруының басты бағыттарының бірі қазақ әліпбиін латын графикасында жасау. Ғалымдар қазақ әліпбиін латын қарпіне көшіру қажеттілігін жан-жақты әр аспектіде зерделеп жатқанымен түсіндіру, халыққа жеткізу бөлек шаруа. Халық арасында тіптен «Латын тілінде сөйлейді екенбіз», – деген де түсінік бар. Басқа да сенімсіздіктердің қарасы көп. Сондықтан түсіндіру жұмыстарын жүргізу керектігі айқын. Осы мақсатта Құқық қорғау органдары академиясының біліктілігін арттыру, арнаулы алғашқы оқыту курстарына келген тыңдаушылар үшін «Қазақ жазуының тарихы» атты дәріс оқытылып, қызметкерлердің пікірімен танысу үшін сауалнама алынды. Берілген сауалдарға қызметкерлер ашық жауап берді. Алаңдаушылықтарын да білдірді. «*Qazaq latin älipbiyine köşwde Siz qanday jağdaydan qorqasız, nege senimsizsiz?*» – Латын қарпінде берілген сөйлемді оқи алдыңыз ба? – деген сауалға, сұралғандардың 80 пайызы түсінетіндігін және жаза алатындықтарын көрсетті.

Сонымен, қазақ әліпбиін латын қарпіне көшіру жөніндегі бүгінгі көзқарас осылай тұжырымдалды. Ертеңгі ой ертеңгі ізденістерден байқалуы мүмкін.

А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты қызметкерлері ұсынып отырған ұлттық әліпби жобасы түркі әліпбилерін бірлестіру идеясы тұрғысынан зерделеніп жасалғандығы айқын.

Ғалымдар ұсынған кейбір дыбыстардың таңбалануына қатысты әр қилы пікірлер айтылып, сөз болып жатқаны белгілі. Бірі дыбыстарды таңбалаудағы бір дыбыс бір

таңба қағидасын басшылыққа алуы ұсынса, енді бірі ә-ae, ө-oe, ү-ue, ш-sh қосалқы белгілер арқылы бергенді қолдайды. Осылай екі қосарлы таңба арқылы берген жөн сияқты. Бұл дыбыстық таңбалар латын графикасын қолданатын түркі тектес елдерде жоқ. Сондықтан ортақ әліпбиге еш кедергі болмайды. Екіншіден, компьютердің пернетақтасына қосымша таңбаларды енгізбейтін болсақ. Таңбадан кейінгі «'» түрін бейнелейтін «Э» батырмасындағы белгіні Ә, Ө, Ү дыбыстарын белгілеу үшін А`а`, О`о`, У`у` қолдануға болады. Бұл сөздердің жазылуын ұзарт-

пайды. Мысалы, әдіскер=a`disker, әкімшілік=a`kimcilik, көркемөнер=ko`rkemo`ner. Сингармонизм заңы бойынша, қазақ сөздері бірыңғай жуан я бірыңғай жіңішке айтылатыны белгілі. Қазақ тілінде үнемдей жазуды алғаш ұсынған Ахмет Байтұрсынов сөздерді бірыңғай жіңішке айту үшін олардың алдында дәйекше деген таңбаны қолданған. Қазақ әліпбиін үнемдеу жайында профессор Құдайберген Жұбанов та 1935 жылы қазақ әліпбиін және орфографиясын өзгерту жайында жоба ұсынған, онда жазуды үнемдеу мақсатында дауыстылар мен дауыс-

сыздарды азайтып, бірнеше фонеманы бір әріппен таңбалауды көздеген. Болашақта мәтін құрамындағы жіңішке сөздердің алғашқы буынына «'» дәйекшесін қою жеткілікті болады деп топшылаймын. Мысалы, а`disker, ko`pmandi.

Қазіргі қазақ әліпбиіндегі ұқсас таңбалармен берілген дыбыстарды мүмкіндігінше таңбалауда түрліше белгілеген дұрыс. Бұл басқа ұлт өкілдерін қазақ тіліне үйретуде тиімді.

Әліпбидің таңбалық құрамының өзгеруіне байланысты емле-ережелердің басым көпшілігінде, әсіресе фонетика саласында жаңа емле-ережелер болатыны анық. Осы жерде үндестік заңына бағынбай жазылатын кейбір кірме түбір (қазір/қазыр, қадір/қадыр кітап/кітәп, мұғалім/мұғалым, құзірет/құзырет т.б.) сөздердің жазылуын айтылымдық сипатта жазуға биімдеу керек.

Сөз басында кездеспейтін (ң, й) МҮМКІН (у, р, л) дыбыстардың бас әріптік нұсқасын әліпбиде жеке таңбалаудың қажеті жоқ деп ойлаймын.

Ұсыналған әліпбиде ё, и, э, ю, я, ц, ч, щ, ь, ъ әріптерін белгілейтін әріптер де ережелер де жоқ. Сондықтан осы әріптерді алмастыратын таңбаларды нақтылап, ережелерін түзіп алуымыз керек. Шет тілінің дыбыстарын фонетикалық ережеге бағындырып сәйкес орфоэпия мен орфография емелері арқылы қабылдау керек.

Түрік, өзбек әліпбилерінде в- Vv, х- X, ф- Ff дыбыстары бар. «Бұл дыбыстар қазақ тілінің фонологиялық заңдарын бүлдірмейді. Бұдан қазақ тілі зиян шекпейді, қайта ол халықаралық терминдердің дұрыс оқылуына көмектеседі», – деген пікірлер де бар. Көрсетілген дыбыстарды таңбалауда еш кедергі жоқ олардың латын графикасындағы өз таңбалары дайын.

Сонымен қатар дауыссыз Fғ, Ңң, Шш дыбыстарын Fғ-Нн, ң-һ, Шш-Сс



немесе Sh sh таңбалауға болады. Егер в- Vv, х-Х, ф- Ff дыбыстары қазақ әліпбиіне жеке дыбыс ретінде енбейтін болса, Fғ дыбысын Vv, X, Ff таңбаларының бірімен белгілеуге болады. Fғ дыбысының қолданылу жиілігін ескеріп, жеке таңбалаған жөн.

Қазақ жазуын латын графикасымен жасауда еңбектеніп жүрген азаматтардың қай-қайсының да ортаға салып жатқан пікірлері оң. Олар әр аспектіде осы ортақ мәселенің шешімін табу жолында бірінбірі толықтыруда. Сондықтан ұлттық әліпбидің жасалуында әр пікір маңызды.

Осы мәселелер үнемі халықтың назарында болуы керек, себебі халық қолданбайтын, қабылдамайтын тілдің болашағы жоқ.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Назарбаев Н. Ә. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру // Егемен Қазақстан. 24.04.2017.

3. Байтұрсынұлы А. Тіл тағылымы. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 448 б.

3. «Түркі жазбалары мен мәдениеті күндері» шарасы аясында өткізілген «Тамыры терең әліпби: жалпы түркілік бірегейліктің мызғымас негізі» халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары – Алматы, 2017. – 320 б.

Түйін

Автор мақалада А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты қызметкерлері ұсынып отырған ұлттық әліпби жобасына қатысты өз көзқарасын білдіреді. Сонымен қатар халыққа түсіндіру жұмыстарын жүргізу керектігін айтады.

Резюме

В статье автор представил свое видение относительно проекта национального алфавита, рекомендованный сотрудниками Института языкознания им А. Байтұрсынова. Вместе с тем, автором рассматривается необходимость проведения разъяснительных мероприятий в обществе.